

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**PROCEEDINGS
of the XX International Scientific Conference
for students and young scholars
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**2025
Астана**

УДК 001(06)
ББК 72я631
F96

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная
научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for
students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)
ББК 72я431
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

**СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.1 МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТАРИХЫ,
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ**

1470.	Асылбекова А.А.	Правовое регулирование искусственного интеллекта: зарубежный опыт и перспективы для Казахстана	6308
1471.	Аширбекова А.Б.	Қазақстан Республикасында Ұлттық алдын алу тетігі жүйесі	6314
1472.	Амирова Б.К.	Қазақстандағы жинақтаушы зейнетақы заңнамасының тарихи эволюциясы	6316
1473.	Бейбітұова І.Б.	Медицина қызметкерлерінің құқықтық жауапкершілігі	6319
1474.	Байтерекова К.Б., Ескендерова Г.Т.	Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қазіргі жағдайы	6323
1475.	Егежанова Д.Р.	О влиянии нормативной практики Верховного суда Республики Казахстан на административное судопроизводство	6326
1476.	Есентемирова А.М.	Некоторые вопросы становления законодательства о высшем и послевузовском образовании в Республике Казахстан	6330
1477.	Еркін Ә.	Коррупция и правовые методы борьбы с ней	6340
1478.	Жармаханбетова Б.А.	Права коренных народов и недропользование: проблемы соблюдения и защиты прав при добыче природных ресурсов на их территориях	6345
1479.	Жолдасбек М.Б.	Қазақстан Республикасындағы Конституциялық реформа: өзгерістерді талдау және олардың құқықтық жүйеге әсері	6348
1480.	Жеңіс Е.Е.	Салық заңнамасын жетілдіру мәселелері	6353
1481.	Жанаев Е.А.	Роль морали в правовых решениях и законодательных актах	6357
1482.	Кажтай А.Н.	Қауіпті құқықбұзушылықтардың қоғамға әсері	6360
1483.	Карсибек С.А.	ҚР Алқабилер сотының құқықтық жағдайы және шетел мемлекеттерімен салыстырмалық ерекшеліктері	6364
1484.	Көбеген А.М.	Әлеуметтік әл-ауқат пен қоғамның өркендеуінің құқықтық аспектілері	6367
1485.	Кошкенбек Б.Б.	Шетелде оқыту бағдарламаларын құқықтық реттелуі	6371
1486.	Қалыбаева А.Ә.	Қазақстандағы жаза қолданудың құқықтық санаға әсері	6377
1487.	Қалқазбек Н.Е.	Қазіргі заманғы құқық саласының өзекті мәселелері мен даму перспективалары	6380
1488.	Маликов Ж.Н.	Қазақстан Республикасының Конституциялық сот институтының қалыптасуы және қызметі	6383

1489.	Маратов А.Б.	Роль юристов защиты прав юридических лиц	6385
1490.	Отыншиева Г.	Құқықтық сана және мәдениеттің арақатынасы	6387
1491.	Роман К.Д.	Законодательные основы обеспечения информационной безопасности детей в Казахстане: вызовы цифровой эпохи	6390
1492.	Сұңғатов С.С.	Цифрландырудың азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын іске асыруға тигізетін ықпалы	6392
1493.	Салиханов А.Б.	Социальные барьеры реинтеграции бывших заключённых в Казахстане: причины стигматизации и пути преодоления	6396
1494.	Турегелдиев Б.У.	Жоғарғы соттың нормативтік қаулыларының құқықтық алаңдағы ықпалы	6402
1495.	Тәуірғалиева А.Б.	Киберқауіпсіздік: қылмыстардың алдын алу және заңнамалық шаралар	6405
1496.	Табанова Ж.А.	Защита прав женщин: международный аспект	6409
1497.	Тәжі Ә.Т.	Цифровизация прав граждан РК	6413
1498.	Тигай Б.А.	Проблемы налогового правоприменения в РК	6415
1499.	Шоманова К., Ясинова Д.	Адам құқықтарының қорғалуы және заңнамалық реттелуі	6423
1500.	Ібіжан Г.Ә.	Проблемы организации правовой помощи детям с ограниченными возможностями здоровья	6427
1501.	Yagmussova A.F.	The concept and types of social guarantees and the grounds for their provision under labor legislation	6431

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.2 АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

1502.	Алмагамбетов М.	Кәсіпкерлердің құқықтары мен оның қорғалуы	6436
1503.	Булатова Л.Б.	Жасанды интеллектпен жасалған туындылардың құқықтық мәртебесі	6440
1504.	Ибрашев А.М.	Искусственный интеллект в трудовом праве: перспективы, риски и возможности	6443
1505.	Искаков Р.А.	Правовая природа договора о государственных закупках товаров в Республике Казахстан	6446
1506.	Көбеген А.М.	Әлеуметтік әл-ауқат пен қоғамның өркендеуінің құқықтық аспектілері	6452
1507.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен	6456

		өзекті мәселелер	
1508.	Нургалиева М.Е.	Трудовые права женщин и равенство на рабочем месте. Дискриминация как барьер для экономического прогресса	6459
1509.	Рустами-Кадырбекова Ж.	Ретроспективный анализ правового регулирования в области социального обеспечения	6464
1510.	Сураганова Д.Д.	Правовое регулирование игорного бизнеса в Республике Казахстан	6468
1511.	Третьяк М.В.	Тенденция к сокращению рабочего времени в развитых странах: баланс между производительностью и качеством жизни	6471
1512.	Третьякова Ж.В.	К вопросу имущественных правоотношений родителей и детей по законодательству Республики Беларусь	6475
1513.	Тыныбек кызы А.	Гибкие формы занятости в Казахстане и Кыргызстане: правовое регулирование дистанционной работы и самозанятости	6478
1514.	Тюлегенова А.А.	Правовые аспекты использования земли	6481

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.3 ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ ТҮЛҒАНЫҢ, ҚОҒАМ МЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУДЫҢ МЕХАНИЗМІ РЕТІНДЕ

1515.	Азенова С.Р.	Сот сараптамасын тағайындау мен жүргізу: қылмыстық процестегі маңызы және жетілдіру жолдары	6485
1516.	Абдықадыр А.Б.	Қылмыстық әділет жүйесіндегі цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект	6488
1517.	Байносерова А.Г.	Қолжазба сараптамасы дәлелдеу құралы ретінде: жаңа әдістер мен шешілмеген мәселелер	6495
1518.	Бахыт І.Б.	Уголовное судопроизводство как механизм защиты интересов личности, общества и государства	6500
1519.	Жакишева Д.К.	Арнайы білім және оларды қылмыстарды тергеу кезінде қолдану нысандары	6504
1520.	Жұмадулла Қ.Ф.	Жасанды интеллект пен криминалистика: қылмысты ашудағы жаңа дәуір	6508
1521.	Маратова А.М.	Понятие судебно-биологической экспертизы и ее значение для установления обстоятельств уголовного дела	6510
1522.	Шариф М.Қ.	Психологиялық портретті құру: сот сараптамасында қолдану тәжірибесі	6514
1523.	Жунусов Д.С.	Совершенствование качества судебных экспертиз: организационно-правовой подход	6517
1524.	Khamidullina R.	Jury Trials in the Criminal Justice System: A Comparative Analysis of the U.S. And	6520

		Kazakhstan Models	
1525.	Киікбай Б.С.	Онлайн алаяқтық қылмыстық құқық бұзушылықтарын тергеп-тексерудің өзекті мәселелері	6523
1526.	Салимжуаров Г.Ф.	Перспективы использования искусственного интеллекта в производстве судебных экспертиз	6528
1527.	Серіктай Н.Ө.	Тергеушінің жеке басының кәсіби-психологиялық сипаттамасы	6531

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.4 ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМА: ЗАМАНАУИ СЫН-ҚАТЕРЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

1528.	Адильхан Х.Б.	Қылмыс пен жазаның психологиялық қырлары: кінә және жауапкершілік сезімі	6536
1529.	Арзанбекова К.Қ.	Геноцид және оның халықаралық құқықтағы орны	6538
1530.	Ахметжанова А.А.	Правовое обеспечение информационной безопасности Республики Казахстан: вызовы и перспективы	6540
1531.	Айзак А.Ж.	Әлеуметтік факторлар мен экономикалық қысымның қылмысқа ықпалы	6544
1532.	Әжібекова А.Е.	ҚР жасөспірімдер арасындағы буллингке қарсы шаралар мен шетелдік тәжірибе	6546
1533.	Болатбекова А.А.	Қылмыс пен жазаның қоғамдағы әлеуметтік-мәдени ықпалы	6552
1534.	Бөлебай А.Б.	Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын алу мәселелері	6555
1535.	Дүйсен Қ.А.	Адам саудасының құрбандарын анықтау және қорғау механизмдері	6563
1536.	Карсибек С.А.	Жыныстық қолсұғылмаулыққа қарсы жасалған қылмыстардың латенттілігі: себептері және шешу жолдары	6566
1537.	Кенеспек Д.М.	Қазақстан Республикасындағы қылмыстардың қайталану себептері мен алдын алу жолдары	6569
1538.	Кийкбай Н.К.	Жалған ақпарат тарату және оның қылмыстық-құқықтық салдарлары: ақпараттық кеңістікте қауіпсіздік пен жауапкершілік мәселелері	6572
1539.	Кожанова Д.Р.	Реформа уголовного законодательства Республики Казахстан: анализ реализации положений концепции УК 2014 года через призму десятилетнего опыта	6575
1540.	Көбейсін Ө.Т.	Кінә мен оның қос нысаны: қазіргі қылмыстық құқықтағы ерекшеліктер мен проблемалар	6578
1541.	Койчубекова А.А.	Уголовная ответственность за	6580

		насильственные действия сексуального характера	
1542.	Қабдылова А.Қ.	Кибербуллингтың алдын алудың құқықтық мәселелері	6585
1543.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен өзекті мәселелер	6590
1544.	Орынбай Ш.А.	Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі	6593
1545.	Сайлаубек М.Ж.	Қылмыстық құқықтағы өзін-өзі қорғау шегінің әлеуметтік және құқықтық аспектілері	6597
1546.	Төрехан А.Ә.	Тұрмыстық зорлық-зомбылық; қылмыстық жауаптылық және әділ жаза тағайындау мәселелері	6600
1547.	Тюлегенова А.А., Куатова Р.Е.	Совершествование превентивных мер в рамках реализации антикоррупционной политики в РК	6607

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.5 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРИЯ ҚҰҚЫҚ: ЖАҢА ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР ТЕГЕУРІНДЕРІ

1548.	Алиев Е.	Правовое регулирование международных железнодорожных перевозок в Республике Казахстан	6611
1549.	Аршабаева Р.С.	Заманауи құлдықпен күрестегі халықаралық құқықтың тиімділігі мен мәселелері	6616
1550.	Данияр Ә.А.	Роль международных организаций в урегулировании вооруженных конфликтов	6620
1551.	Кабдрахманов А.Е.	Анализ правового регулирования защиты прав трудовых мигрантов: опыт Казахстана и России в контексте международных стандартов	6626
1552.	Qodirova T.R.	The role of the United Nations High Commissioner for refugees in protecting refugee rights	6631
1553.	Медетова М.Б.	Азаматтық авиациядағы алғашқы халықаралық қауіпсіздік стандарттары: пайда болу және тарихи негіздері	6634
1554.	Мыктыбаева Д.А.	Регулирование вопросов трудовой деятельности трудящихся-мигрантов в международных соглашениях Республики Казахстан	6640
1555.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен өзекті мәселелер	6645
1556.	Рублевский А.А.	Этическая дилемма статуса эмбриона	6648
1557.	Тулеген А.С.	Правовые проблемы назначения и исполнения наказания в деятельности международных уголовных трибуналах ad hoc	6652

10.6 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОММЕРЦИЯЛЫҚ АРБИТРАЖ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚ

1558.	Акынов Д.М.	Правовые механизмы обеспечения исполнения обязательств государствами-членами ЕАЭС	6657
1559.	Ануарбек А.	Применение блокчейн-технологий в международном коммерческом арбитраже: правовые вызовы и перспективы	6661
1560.	Жаксылыков К.К.	Особенности правового регулирования отношений, возникающих из международного договора купли-продажи товаров	6665
1561.	Каримова Ф.Х.	Защита персональных данных в международном частном праве	6669
1562.	Мирзоева М.М.	К вопросу о сущности деловой репутации	6675
1563.	Раджабов М.Д.	Трудовые права иностранных граждан в международном частном праве	6679

10.7 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ БҰҰ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ

1564.	Ануарбек А.	Международное экологическое правосудие: теоретические основы и практические аспекты	6683
1565.	Burieva M.S.	The role of international organizations in regulating the use of water resources of transboundary rivers and lakes	6687
1566.	Nasreddinzoda N.	The role of regional organizations in achieving the SDGs: international legal aspects	6691
1567.	Шалгымбаева А.Н.	Комиссия международного права ООН: регулирование экологических аспектов вооруженных конфликтов	6693

СЕКЦИЯ 11**АРХИТЕКТУРА И СТРОИТЕЛЬСТВО****ПОДСЕКЦИЯ 11.1 СТРОИТЕЛЬСТВО**

1568.	Аманжолова Ш.Ф.	Қарқынды құрылыс жағдайындағы Астана қаласының жер асты сулары деңгейінің өзгерісін болжау	6698
1569.	Батирбекова А.Т.	Численное моделирование работы стены в грунте с распорной системой в условиях плотной застройки	6702
1570.	Бекетов Д.Н.	Энергоэффективность в строительстве: симуляция влияния ориентации зданий на потреблении энергии в Астане	6707

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Орынбай Шұғыла Асылбекқызы

shugyla.asylbekkyzy@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, заң факультеті

«Құқықтану» мамандығының 2 курс студенті

Ғылыми жетекші: заң ғылымдарының кандидаты, Ашимова

Э.А.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі – бұл 14 немесе 16 жасқа толған тұлғаның жасаған қылмысы үшін мемлекет алдында заң жүзінде жауап беру міндеті. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес, 14 жастан бастап кейбір ауыр қылмыстар үшін (мысалы, ұрлық, тонау, зорлық, кісі өлтіру), ал 16 жастан бастап барлық қылмыс түрлері үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылады. Бұл жауапкершілік жалпы қылмыстық нормалармен қатар, кәмелетке толмағандардың психологиялық, әлеуметтік және жас ерекшеліктерін ескере отырып реттеледі. Оларға қатысты жаза тағайындау кезінде жазаның тәрбиелік мәніне, жеңілдетілген нысандарына басымдық беріледі. Кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауапкершілікке тартудың басты мақсаты – оларды жазалау емес, қайта тәрбиелеу, құқықтық сана-сезімін қалыптастыру және қоғамға қайта бейімдеу болып табылады [1].

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігінің өзіндік тарихи аспектісі бар. Бұл туралы алғашқы ескертулер XVII ғасырда шыға бастады және мемлекет дамуының әртүрлі кезеңдерінде қылмыстық заңнамаға сәйкес әртүрлі тәсілдермен қолданылады бастады. Дәл қазіргі сәтте әлемде кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы туралы заңнаманы жеңілдету үрдісі байқалды. Көптеген заманауи тәсілдер іс жүзінде жүзеге аса бастады. Мысалы, тәрбие және жазалау шараларының ұтымды өзара іс-қимылының қажеттігі аясында кәмелетке толмағандардың физикалық, адамгершілік, мәдени және рухани дамуының ерекшеліктері жаза тағайындау кезінде ескерілуі тиіс [2].

Жасөспірімдер арасындағы қылмысқа әсер ететін факторлар көп қырлы және ол үлкен зерттеуді талап етеді. Олар көбінесе жеке тұлғаның, отбасылық қарым-қатынастардың, әлеуметтік ортаның және экономикалық жағдайдың әсерінен қалыптасады. Әр факторды толығырақ қарастырайық.

Қылмыстық мінез-құлықтың қалыптасуына әсер ететін негізгі фактор – отбасы. Ата-ана бақылауының жоқтығы, деструктивті отбасылық жағдайлар (мысалы, ажырасу, тұрмыстық зорлық-зомбылық, ішімдік, нашақорлық) және тәрбиелік құндылықтардың болмауы жасөспірімдердің заң бұзуына ықпал етеді. Жасөспірім тұлғасының қалыптасуы отбасындағы қарым-қатынасқа тікелей байланысты. Сонымен қатар, психикалық процестер мен мінез-құлықтың негізі де осы кезеңде қаланады. Екінші фактор – әлеуметтік орта. Жасөспірімнің достары, сыныптастары, көршілері олардың мінез-құлқына әсер етеді. Қылмыстық және девиантты топтарға тартылу, өздерін дәлелдеу мақсатында заң бұзушылық әрекеттерге бару – осы ортаның ықпалының көрінісі. Қоғамдағы криминализацияланған мәдениет те теріс әсер етеді. Үшінші фактор – экономикалық жағдай. Қаржылық қиындықтар, ата-ананың жұмыссыздығы, кедейлік жасөспірімдерді ұрлық, тонау сияқты қылмыстарға итермелеуі мүмкін. Тұрмыстық тұрақсыздық пен әлеуметтік теңсіздік ішкі наразылық пен агрессияны арттырады. Төртінші фактор – білім беру мен әлеуметтік қолдау жүйесінің әлсіздігі. Мектептегі қиындықтар, үлгерімнің төмендігі, бос уақыттың дұрыс ұйымдастырылмауы және мәдени-спорттық шараларға қолжетімділіктің жоқтығы қылмыстық мінез-құлыққа жол ашады [3]. Осы факторлардың барлығы жасөспірімдердің қылмысқа баруына ықпал етеді. Сондықтан оларды кешенді түрде зерттеп, отбасылық

тәрбие мен әлеуметтік жағдайды жақсарту, экономикалық және білім беру жүйелерін дамыту арқылы алдын алу шараларын жүзеге асыру қажет.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы деп қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытқа қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар танылады және қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандарға жаза тағайындалуы мүмкін не оларға тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы кәмелетке толмаған тұлғалардың ерекшеліктерін ескере отырып, оларға қатысты қылмыстық жауапкершіліктің арнайы тәртібін белгілейді. Бұл жауапкершілік Конституция мен ҚР Қылмыстық кодексінің (ҚК) баптарында нақты көрініс тапқан.

ҚР ҚК-нің 15-бабына сәйкес, қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке 16 жастан бастап тартылады. Алайда, ауыр және аса ауыр қылмыстар бойынша (мысалы, кісі өлтіру, зорлау, тонау, ұрлық, қарақшылық, терроризм актілері және т.б.) 14 жастан бастап жауапкершілік қарастырылған. Сонымен қатар, ҚР ҚК-нің 81-бабында кәмелетке толмағандарға жаза тағайындаудың ерекшеліктері көрсетілген. Бұл бапта жасөспірімнің жас мөлшері, психологиялық жағдайы, әлеуметтік ортадағы рөлі, тәртібі мен тәрбиесі ескеріле отырып, жазаның жұмсақ әрі тәрбиелік мәні басым нысандары қолданылуы тиіс делінген. Мұндай жеңілдіктер қатарына – ескерту, айыппұл, қоғамдық жұмыстар, бас бостандығын шектеу, сондай-ақ бас бостандығынан айырудың қысқартылған мерзімдері жатады.

Сондай-ақ, кәмелетке толмағандарға қатысты тәрбиелік мәні бар мәжбүрлеу шаралары да қолданылады. Бұлар ата-анасының немесе заңды өкілінің бақылауына беру, арнайы оқу-тәрбие мекемесіне жіберу, белгілі бір шектеулер енгізу түрінде жүзеге асады. Бұл шаралар баланы қоғамнан оқшауламай, оны түзетуге және әлеуметтендіруге бағытталған. Жалпы, Қазақстан Республикасының қылмыстық құқықтық жүйесі кәмелетке толмағандардың жасына сай құқықтық жауапкершілік механизмін қалыптастырған және басты мақсат ретінде – олардың қайта тәрбиеленуі мен қоғамға бейімделуін көздейді.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігіне байланысты қолданылатын жаза түрлері мен тәрбиелік шаралар олардың жас ерекшелігіне, психологиялық даму деңгейіне және қылмыстың ауырлығына қарай ерекше тәртіппен тағайындалады. ҚР Қылмыстық кодексі жасөспірімдерге қатысты жазаның жеңілдетілген түрлерін және тәрбиелік мәжбүрлеу шараларын қолдануға мүмкіндік береді. Кәмелетке толмағандарға келесі негізгі жазалар қолданылады: Ескерту – ең жеңіл жаза түрі, заң бұзғанын ресми түрде білдіру арқылы тәртіпке келтіру. Айыппұл – жасөспірімнің немесе оның заңды өкілінің қаржылық жағдайын ескере отырып тағайындалады. Қоғамдық жұмыстар – белгілі бір сағат көлемінде ақысыз еңбек ету (ең көп мерзімі – 120 сағат). Бас бостандығын шектеу – жасөспірімнің белгілі бір аймақтан шықпауына байланысты шектеулер енгізіледі. Бас бостандығынан айыру – тек ауыр немесе аса ауыр қылмыстар үшін қолданылады, ең төменгі мерзім – 6 ай, ең көбі – 10 жыл (ересектермен салыстырғанда аз). ҚР ҚК 84-бабына сәйкес, жасөспірімдердің түзелуіне ықпал ететін келесі тәрбиелік шаралар қолданылады: Ата-анасының немесе заңды өкілінің бақылауына беру – жасөспірімді үйде тәрбиелеуді жалғастыру. Қоғамға пайдалы мінез-құлыққа міндеттеу – кешірім сұрау, зиянды өтеу, оқуға немесе жұмысқа орналасуға міндеттеу. Арнайы оқу-тәрбиелік немесе медициналық мекемеге орналастыру – егер жасөспірім түзелуге көнбей жатса. Психологиялық немесе медициналық оңалту шараларына жіберу – егер мінез-құлқы психологиялық бұзылыспен байланысты болса.

Сот кәмелетке толмаған тұлғаға жаза тағайындағанда оның жасына, қылмыстың сипатына, отбасылық және әлеуметтік жағдайына, бұрын сотталған-сотталмағанына, мектептегі тәртібіне, психикалық және эмоционалдық жай-күйіне назар аударады. Тәжірибе көрсеткендей, соттар көбінесе тәрбиелік шараларды қолдануға бейім. Бас бостандығынан айыру жазасы тек өте ауыр жағдайларда, баланың қоғамға қауіптілігі жоғары болса ғана қолданылады.

Кәмелетке толмағандар қылмысының артуы көптеген факторлардың тоғысуынан туындайды. Бұл факторлар ішкі де, сыртқы да сипатта болуы мүмкін. Жасөспірімнің құқық бұзушылыққа баруына әсер ететін негізгі себептер қатарында отбасылық, әлеуметтік, психологиялық және қоршаған орта факторлары ерекше орын алады.

Ішкі факторлар – бұл жасөспірімнің тұлғалық ерекшеліктеріне, мінез-құлқына, эмоциялық тұрақтылығына байланысты себептер. Оларға өзін-өзі тану деңгейінің төмендігі, агрессивтілік, жауапкершілік сезімінің жетілмеуі, өз-өзіне сенбеушілік немесе керісінше, шамадан тыс сенімділік, ересек болуға ұмтылу сияқты қасиеттер жатады. Бұл ішкі факторлар көбінесе отбасындағы тәрбие мен психологиялық ахуалдың салдары ретінде қалыптасады. Сыртқы факторлар – жасөспірімнің өмір сүріп жатқан ортасымен тікелей байланысты. Ең алдымен, отбасылық жағдай маңызды рөл атқарады: ата-ананың бақылауының болмауы, отбасындағы тұрақсыздық, зорлық-зомбылық, ішімдікке немесе нашақорлыққа салыну, ажырасу сияқты жағдайлар баланың сана-сезіміне кері әсер етеді. Тәрбиелік құндылықтардың болмауы жасөспірімді дұрыс пен бұрысты ажырата алмайтындай күйге түсіреді.

Әлеуметтік орта мен психологиялық ахуал да айтарлықтай ықпал етеді. Жасөспірім үшін достарымен қарым-қатынас, топқа қабылдану, өзін көрсету – маңызды қажеттіліктердің бірі. Сондықтан олар кейде достарымен тең болу немесе беделге ие болу үшін қылмыс жасауға бейім болуы мүмкін. Девиантты мінез-құлық қалыптасқан орталарда (мысалы, бұзақы топтарда) заң бұзушылық «қалыпты» жағдай ретінде қабылданады. Қоршаған ортаның әсері, әсіресе мектеп, көшедегі байланыс және әлеуметтік желілер, жасөспірімдердің мінез-құлқына тікелей ықпал етеді. Мектептегі қиындықтар (қысым, төмен үлгерім, оқшаулану) олардың ішкі күйзелісін күшейтіп, агрессияға немесе кері әрекетке итермелеуі мүмкін. Сонымен қатар, интернет пен әлеуметтік желілердегі зорлық-зомбылықты, заңсыз әрекеттерді насихаттайтын контенттер де балалардың санасына теріс әсер етеді.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі саласында әлем елдерінің тәжірибесі әртүрлі, бірақ барлығының басты мақсаты — жас құқықбұзушыларды қоғамға қайта бейімдеу, оларды түзеу арқылы болашақ қылмыстың алдын алу. Қазақстан үшін бұл салада халықаралық тәжірибені зерттеу — ұлттық заңнаманы жетілдіру мен құқықтық саясатты гуманизациялау үшін маңызды қадам.

Германияда кәмелетке толмағандарға арналған арнайы ювеналды юстиция жүйесі қалыптасқан. 14 пен 18 жас аралығындағы жасөспірімдер жасаған қылмыстар үшін бөлек сот қарастырады. Мұнда жаза емес, тәрбиелік әсер мен әлеуметтік оңалту басты мақсат ретінде қарастырылады. Жазаның орнына жиі түрде – қоғамдық жұмыстар, психологиялық қолдау, отбасымен жұмыс жүргізу, кәсіби бағдар беру секілді шаралар қолданылады. Швецияда да жасөспірімдерге қатысты гуманистік көзқарас басым. 15 жасқа дейінгі балалар қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды, ал 15–18 жас аралығындағыларға қатысты іс қозғалған күннің өзінде, алдымен әлеуметтік қызметкерлер мен педагогтар тартылып, сот – тек соңғы шара ретінде қолданылады. Бұл елде превентивті (алдын алу) шаралар басты рөл атқарады. Францияда ювеналды юстиция жүйесі ертерек қалыптасқан және онда баланың құқықтары мен мүддесі барынша қорғалады. 13 жастан бастап жауапкершілікке тарту мүмкіндігі қарастырылғанымен, бірінші кезекте бақылау мен тәрбиелік шаралар жүзеге асырылады. Арнайы судьялар мен прокуратура қызметкерлері тек кәмелетке толмағандар істерімен айналысады.

Қазақстандағы тәжірибе соңғы жылдары ювеналды юстиция элементтерін енгізу арқылы халықаралық стандарттарға бейімделіп келеді. 2008 жылдан бастап кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған соттар жұмыс істей бастады. Сонымен қатар, ювеналды полиция, әлеуметтік педагогтар мен психологтардың қызметі кеңейіп келеді. Дегенмен, толыққанды ювеналды юстиция институты әлі де қалыптасу кезеңінде, ал жазалаудан гөрі тәрбиелеу қағидаты кейде тәжірибеде жеткілікті қолданылмай жатады.

Қазақстанда жасөспірімдер арасындағы қылмыс соңғы үш жылда өсіп келе жатқан үрдіс көрсетуде. 2023 жылы қылмыс деңгейі өткен жылмен салыстырғанда 11%-ға артқан. Кәмелетке толмағандар негізінен ұрлық, бұзақылық, және тонау сияқты қылмыстарға тартылады. Ішкі істер министрлігі бұған ата-аналардың балалардың мінез-құлқын бақыламауы негізгі себептердің бірі екенін атап өтті. Жыл басынан бері 64 мыңнан астам ата-ана әкімшілік жауапкершілікке тартылды [4].

Қазақстанда кәмелетке толмаған қылмыскерлердің орташа жасы 16-17 жасты құрайды. Құқық бұзушылықтардың көп бөлігін топтағы жасөспірімдер жасайды. Кісі өлтіру, зорлау, ұрлық, бопсалау және тонау - бұл ересектер ғана емес, жасөспірімдер де жасайтын қылмыстар. Олардың кейбіреулері алкогольдік немесе есірткілік мас күйінде осындай әрекеттерге барады. Алматы қаласындағы жасөспірімдер колониясында 2022 жылғы жағдай бойынша 62 тұтқын жазасын өтеп жатыр, оның 49-ы аса ауыр қылмыстар үшін, 13-і ауыр қылмыстар үшін. Осылайша, 18 жасөспірім кісі өлтіргені үшін, 4-денсаулығына қасақана ауыр зиян келтіргені үшін, 5 кәмелетке толмағандар зорлағаны үшін, 21-жыныстық сипаттағы зорлық - зомбылық үшін, 4-тонау үшін, 4-ұрлық үшін және т.б жазаланды [5].

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі – құқықтық ғана емес, әлеуметтік, психологиялық және тәрбиелік мәні зор күрделі мәселе. Жоғарыда қарастырылған факторлар мен құқықтық негіздер көрсеткендей, жасөспірімдердің қылмысқа баруына отбасындағы жағдай, әлеуметтік орта, экономикалық қиындықтар мен білім беру жүйесінің кемшіліктері тікелей әсер етеді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі кәмелетке толмағандардың психологиялық және жас ерекшеліктерін ескере отырып, жауапкершілікке тартудың ерекше тәртібін қарастырады. Жаза тағайындау барысында жазалаудан гөрі тәрбиелеуге басымдық беру, арнайы мәжбүрлеу шараларын қолдану – заңнаманың гуманистік бағытын көрсетеді.

Алайда тәжірибеде әлі де шешімін таппаған мәселелер бар. Мысалы, ювеналды юстиция жүйесінің толыққанды жұмыс істемеуі, әлеуметтік қолдау қызметтерінің жеткіліксіздігі, отбасылық бақылаудың әлсіздігі мен мектептегі құқықтық тәрбие жұмысының формалды сипаты – бұл саланың өзекті түйткілдері. Осы мәселелерді шешу үшін кәмелетке толмағандардың істерімен айналысатын мамандардың кәсіби деңгейін арттыру, ювеналды юстиция институтын дамыту, әлеуметтік және психологиялық оңалту қызметтерін кеңейту қажет.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу үшін жан-жақты, кешенді, жүйелі көзқарас қажет. Бұл тақырыптың маңыздылығы – болашақ азаматтың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету арқылы бүкіл қоғамның қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуінде. Сондықтан құқықтық жауапкершілік тек жаза тағайындаумен шектелмеуі тиіс, ол жасөспірімді түзету мен дамытуға бағытталуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі, 80-бап, кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы https://kodeksy-kz.com/ugolovnyj_kodeks/80.htm
2. Салахов Э.Б., Молодой учёный 52 (447), Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқықтағы даму тарихы, желтоқсан, 2022 жыл, 5-6 бет
3. Түрікпен-Ұлы Ж., Мұздыбаева Б. Тәрбие психологиясы: оқу құралы. – Алматы: Зият-Пресс, 2008.
4. Шайденко Н. А., Жас ғалым. Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарымен күрестегі шетелдік тәжірибе, №17 (76) қазан - 2014 жыл, 18 бет.
5. Маханова Н., «Дети в клетке. Почему подростки идут на преступления» [Ғаламтор ресурсы] - <https://polisia.kz/ru/deti-v-kletke-pochemu-podrostki-idut-na-prestupleniya>